

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ЛИСАКОВ ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» КМҚК



БЕКІТЕМІН

Колледж директоры

Кайпбаева Ж.Ш.

КОЛЫ

«25» маусым 2025 ж.

**Қабылдау комиссиясының қорытындысы бойынша жұмысшы біліктіліктерге
үміткерлермен сұхбаттасуға арналған сұрақтар тізімі**

Мамандық 07130100 Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)

Біліктілігі 3W07130101 Электромонтер (түрлері және салалары бойынша)

1. Неліктен электромонтер мамандығын таңдадыңыз?
2. Электромонтер қандай құралдармен жұмыс істейді деп ойлайсыз?
3. Электр тоғымен жұмыс істеудің қауіптілігі неде?
4. Электр құрал-жабдықтарын қолдану кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?
5. Электр тоғы деген не?
6. Вольт және ампер деген не, олар не үшін қажет?
7. Электр тоғы адам ағзасына қалай әсер етеді?
8. Қандай материалдар электр тоғын жақсы өткізеді?
9. Қысқа тұйықталу дегеніміз не?
10. Электр қуаты деген не?
11. Үйдегі электр есептегіштің қызметі қандай?
12. Қуатты артық тұтыну қандай қауіп тудырады?
13. Электр энергиясын үнемдеу үшін қандай әрекет жасау қажет?
14. Металл мен пластиктің электрөткізгіштік қасиеттері қандай?
15. Электромонтер қандай жеке қорғаныс құралдарын пайдалануы тиіс?
16. Резеңке қолғап пен арнайы аяқ киімнің маңызы қандай?
17. Қауіпті аймақта неге арнайы белгілер орнатылады?
18. Электр жабдығымен дымқыл жерде жұмыс істеуге бола ма?
19. Жұмыс орнын таза ұстау не үшін маңызды?
20. Электр жабдығын қолданар алдында қандай әрекеттерді орындау керек?
21. Неліктен әр жұмыстан бұрын нұсқамадан (инструктаж) өту керек?
22. Қауіпсіз жұмыс істеу үшін қандай әдеттерді қалыптастыру қажет?
23. Электромонтер мамандықта қандай қасиеттер маңызды деп ойлайсыз?
24. Неліктен сіз өнеркәсіптік кәсіпорында электромонтер мамандығын таңдадыңыз?
25. Өндірістік тәртіп жағдайында жұмыс істеуге дайынсыз ба?